

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы елдік офисінің құқықтық мәртебесіне қатысты хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1011 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы елдік офисінің құқықтық мәртебесіне қатысты хаттар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы елдік офисінің құқықтық мәртебесіне қатысты хаттар алмасу нысанындағы келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1011 қаулысымен
мақұлданып
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы елдік офисінің құқықтық мәртебесіне қатысты хаттар алмасу нысанындағы

КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі,

Жоғары Мәртебелі
Мұхтар Тілеуберді мырзаға
Нұр-Сұлтан қаласы
2019 жылғы "___" _____

Жоғары Мәртебелі!

Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының (ЮНФПА) атынан Сізге мынадай мазмұндағы хат жолдауды өзіме мәртебе санаймын:

Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының құрылуына негіз болған Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1972 жылғы 18 желтоқсандағы 3019 (XXVII) қарарын назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы қызметіне және болуына қолданылатын нормативтік-құқықтық базаны қабылдаудағы өзара мүдделілікті басшылыққа ала отырып,

БҰҰ ДБ, ЮНИСЕФ, БҰҰ БЖКБ, БҰҰ ҚОБ және Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да ұйымдары мен бағдарламаларының Қазақстан Республикасының Үкіметімен Келісімнің құрамдас бөлігіне айналатын, Үкіметтің тиісті жобаларды іске асыруының шарттары туралы қосымша келісімдер жасауына негіз болатын 1992 жылғы 5 қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы Өкілдігін ашу туралы келісімнің 18-бабының 1-тармағын басшылыққа ала отырып,

1994 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы келісімнің ережелерін Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы қызметі, активтері мен персоналына қатысты қолдануды ұсынуды мәртебе санаймын.

Осы хат және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда көрсетілген ұсыныспен келісетінін растайтын Сіздің жауап хатыңыз осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінен жазбаша хабарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қоры дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы елдік офисінің құқықтық мәртебесіне қатысты хаттар алмасу нысанындағы келісім ретінде әрекет етуін ұсынуды өзіме мәртебе санаймын. Келісім күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданатын болады.

Жоғары Мәртебелім, өзіңізге деген аса жоғары құрметімді қабыл алыңыз.

Д-р Наталия Канем,

Бас Хатшының орынбасары –

ЮНФПА Атқарушы директоры

Бас Хатшының орынбасары –

ЮНФПА Атқарушы директоры,

Жоғары Мәртебелі

Д-р Наталия Канем

Нью-Йорк қаласы

2019 жылғы " __ " _____

Жоғары Мәртебелі!

Сіздің 2019 жылғы " __ " _____ мынадай мазмұндағы хатыңызды алғанымды растауды құрмет санаймын.

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының (ЮНФПА) атынан Сізге мынадай мазмұндағы хат жолдауды өзіме мәртебе санаймын:

Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының құрылуына негіз болған Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1972 жылғы 18 желтоқсандағы 3019 (XXVII) қарарын назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы қызметіне және болуына қолданылатын нормативтік-құқықтық базаны қабылдаудағы өзара мүдделілікті басшылыққа ала отырып,

БҰҰ ДБ, ЮНИСЕФ, БҰҰ БЖКБ, БҰҰ ҚОБ және Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да ұйымдары мен бағдарламаларының Қазақстан Республикасының Үкіметімен Келісімнің құрамдас бөлігіне айналатын, Үкіметтің тиісті жобаларды іске асыруының шарттары туралы қосымша келісімдер жасауына негіз болатын 1992 жылғы 5 қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан Республикасындағы Өкілдігін ашу туралы келісімнің 18-бабының 1-тармағын басшылыққа ала отырып,

1994 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы келісімнің ережелерін Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы қызметі, активтері мен персоналына қатысты қолдануды ұсынуды мәртебе санаймын.

Осы хат және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда көрсетілген ұсыныспен келісетінін растайтын Сіздің жауап хатыңыз осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінен жазбаша хабарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қоры дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енетін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қоры арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы елдік офисінің құқықтық мәртебесіне қатысты хаттар алмасу нысанындағы келісім ретінде әрекет етуін ұсынуды өзіме мәртебе санаймын. Келісім күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданатын болады.

Жоғары Мәртебелім, өзіңізге деген аса жоғары құрметімді қабыл алыңыз."

Мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жоғарыда көрсетілген ұсыныспен және осы хат және Сіздің хатыңыз осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы жазбаша хабарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қоры Қазақстан Республикасы Үкіметінен дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы елдік офисінің құқықтық мәртебесіне қатысты хаттар алмасу нысанындағы келісім ретінде қызмет етуімен келісетінімізді растауды мәртебе санаймын. Келісім күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданатын болады.

Жоғары Мәртебелім, өзіңізге деген зор құрметімді қабыл алыңыз.

Мұхтар Тілеуберді

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі